

Қазақстан Республикасының ер азаматтарын 2015 жылдың қаңтарынан наурызына дейін Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының аумағында тіркеуді және медициналық куәландыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының әкімінің 2014 жылғы 11 қарашадағы N 18 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 28 қарашада N 2993 болып тіркелді. Күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімі орынбасарының 2015 жылғы 23 сәуірдегі N 7.1.8-15/293 хаты)

Ескерту. Күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімі орынбасарының 23.04.2015 N 7.1.8-15/293 хаты).

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңының 16 бабына, "Әскери міндеттілер мен әскерге шақырушыларды әскери есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкметінің 2012 жылғы 27 маусымдағы № 859 қаулысына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. Қазақстан Республикасының тіркелу жылы он жеті жасқа толатын ер азаматтарын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің (келісім бойынша) шақыру учаскесінде 2015 жылдың қаңтарынан наурызына дейін тіркеу және медициналық куәландыру ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімінің орынбасары Айнагүл Кәкімжолқызы Бектасоваға жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М. Әбишев

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Қорғаныс министрлігінің

"Солтүстік Қазақстан облысы

Есіл ауданының қорғаныс істері

жөніндегі бөлімі" республикалық

О.Д.Қабыкеев

мемлекеттік мекемесінің
бастығы
2014 жылғы 11 қараша

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК